

Мектепке дейінгі ұйымның медицина қызметкерінің лауазымдық міндеттері

Мектепке дейінгі ұйымның медицина қызметкері келесі лауазымдық міндеттерді атқарады.

Мектепке дейінгі ұйымның медициналық блогінің жұмысын үйлестіреді.

Қамтамасыз етеді:

- мектепке дейінгі ұйымда санитарлық-эпидемияға қарсы режимді сақтауды;
- ауырған балаларды оқшаулауды;
- сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыруды;
- аудандағы/қаладағы эпидемиологиялық жағдаймен уактылы танысу мақсатында балалар емханасымен тұрақты байланыс орнатуды;
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің денсаулық жағдайын бақылауды, топтардағы тамақтануды бақылау мақсатында топтарды күнделікті аралауды.

Жүзеге асырады:

- тәрбиеленушілерді дәрігерлік тексеруге дайындауды, зертханалық зерттеулер үшін биологиялық материалдар алуды;
- тәрбиеленушілерге профилактикалық егулер және балалар дәрігерінің тағайындауларын орындауды;
- дәрілік заттар мен этил спиртін есепке алуды, сақтауды, пайдалануды;
- медициналық қалдықтарды жинауды және кәдеге жаратуды;
- ауырып жазылғаннан кейін мектепке дейінгі ұйымға келген және жұқпалы ауру жұқтырғандармен байланыста болған тәрбиеленушілерді таңертең қабылдауды, термометрия және басқа да іс-шараларды;
- мектепке дейінгі ұйымдағы іс номенклатурасына сәйкес тиісті құжаттаманы толтыруды;
- денсаулық топтарына сәйкес ұйымдастырылған оқыту нысандарында балалардың жүктемесі бойынша мектепке дейінгі ұйымның мамандары мен тәрбиешілеріне ұсынымдар беруді;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен қызметкерлері арасында жарақаттану мен уланудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды;
- дене шынықтыру ҰІӨ дене белсенділігін бағалау бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскерімен бірлесіп медициналық-педагогикалық бақылауды;

- жіті ауру немесе жарақат алған жағдайда мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен қызметкерлеріне дәрігерге дейінгі алғашқы құғыл көмек көрсетуді;
- мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін жоспарлы профилактикалық медициналық тексеруге арналған іс-шараларды;
- ағымдық дезинфекция жүргізуді;
- изолятордағы балаларға медициналық көмекті;
- тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді;
- тәрбиеленушілерге екпе салу алдында тексеру және дәрігерлік тексеруге дайындауды.

Бақылайды:

- мектепке дейінгі ұйымның үй-жайлары мен серуендеу алаңдарының санитарлық жағдайын;
- МДҰ топтардың тәрбиешілері балаларды күнделікті таңертеңгі қабылдауын, карантин жағдайында ерте жастағы топтағы тәрбиеленушілердің таңертеңгі сүзгісін ұйымдастыруды, шпательдер мен термометрлердің болуын тексеруді және қамтамасыз етуді;
- тәрбиеленушілердің вакцинациядан кейінгі денсаулық жағдайы, балалар денесінің вакцинацияға жергілікті және жалпы реакциясын тіркеуді;
- мектепке дейінгі ұйымда барлық режимдік сәттерді өткізу; күн тәртібін сақтау, таңертеңгі гимнастика, серуендеу, балалар мен мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері арасында жарақаттану мен уланудың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізуді;
- мектепке дейінгі ұйымның топтық үй-жайлары мен аумағын жинау, желдету, жарықтандыру және жабдықтауды;
- мектепке дейінгі ұйымдағы төсек-орынды, сүлгілерді, киім шкафтарын және басқа жиһаздарды дараландыруды;
- ыдыстар, түбектер, ойыншықтар мен жиһаздарды және т.б. санитарлық өңдеуді;
- мектепке дейінгі ұйымда дене тәрбиесі, шынықтыру рәсімдерін ұйымдастыруды;
- жинау және ас үй мүкәммалының таңбалануын сақтауды;
- мектепке дейінгі ұйымда СанПиН сақталуын;
- мектепке дейінгі ұйымға жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасы (іріктеп), оларды дұрыс сақтау және өткізу мерзімдерін сақтауды (тамақтануды ұйымдастыруды бақылау мәселелері жөніндегі комиссиямен бірлесіп);

- мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің мерзімді медициналық тексеруден және диспансерлеуден уақтылы өтуін.

Дайындайды:

- тәрбиеленушілерді дәрігерлік тексеруден өтуге;
- дәрі-дәрмектерге, бактериологиялық препараттарға, дезинфекциялау құралдарына, медициналық құралдар мен аппаратураға өтінімдерді;
- дезинфекциялық ерітінділерді.

Өткізеді:

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін жүйелі медициналық тексеру, дене салмағын анықтау, антропометриялық өлшеуді (жылына кемінде 2 рет);
- ауырғанына байланысты келмеген тәрбиеленушілерді есепке алуды, ауру балаларды оқшаулауды;
- үй-жайлардың санитарлық жай-күйін бақылау және ҰІӨ қатысу журналын жүргізу мақсатында мектепке дейінгі ұйым топтарын күнделікті аралауды;
- тәрбиеленушілермен сауықтыру-профилактикалық және шынықтыру іс-шараларын;
- декреттелген жастағы балаларды жыл сайынғы диспансерлеуді;
- тәрбиешілер және қызмет көрсетуші персоналмен санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау бойынша нұсқаулықты.

Жоспарлайды:

- тәрбиеленушілерді жоспарлы вакцинациялау және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша вакцинациялауды;
- педагог-психолог және мектепке дейінгі ұйымның әдіскерімен бірлесіп, балалардың бейімделу кезеңінің қолайлы өтуіне бағытталған іс-шаралар кешенін;
- мектепке дейінгі ұйымның әдіскерімен бірлесіп жазғы сауықтыру науқанын.

Кәсіби этиканы сақтайды, ақпараттық құпиялылық қағидаттарына сүйене отырып, медициналық құпияны сақтайды, егер олармен танысу нақты мәселелерді шешу үшін қажеті жоқ және бала мен оның айналасына зиян келтіруі мүмкін болса, мәліметтерді таратпайды.

Қатысады:

- мектепке дейінгі ұйымның диспансерлік есепте тұрған тәрбиеленушілеріне қатысты педиатрмен бірлескен жұмысқа;
- балалардың дене дамуы мен денсаулығына арналған педагогикалық кеңестерге;

- икемді күн режимі, тікелей ұйымдастырылған іс-шаралар кестесін және тәрбиеленушілердің қозғалыс белсенділігі режимін құруға;
- рейдтерге, байқауларға, ата-аналар жиналыстарына және мектепке дейінгі ұйым жұмысының басқа түрлеріне.

Жүргізеді:

- мектепке дейінгі ұйымда МДҰ меңгерушісінің бұйрығымен бекітілген іс номенклатурасына сәйкес медициналық құжаттаманы;
- топтар бойынша сырқаттанушылық жағдайының экранын;
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қатысуын есепке алуды;
- МДҰ меңгерушісі мен тәрбиешілерін тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы уақтылы хабардар етуді.

Мектепке дейінгі ұйым мейірбикесінің лауазымдық нұсқаулығының, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын сақтайды.

Өзінің біліктілігін арттырады, педагогтер, тәрбиешінің көмекшілерімен тамактануды ұйымдастыру, сауықтыру іс-шаралары, ауруларды диагностикалау, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режим мәселелері бойынша оқытулар өткізеді.